

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CAUE9063>**Г. Ж. Утемисова¹, *А. О. Карипжанова², Е. Оспанов³**¹Әл-Фараби атындағы атындағы Қазақ

ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

³Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8380-7288>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5536-339X>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>*e-mail: ainurok1974@mail.ru

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР: НҰРТУҒАН МЕН ЕРІМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША

Қазақ фольклорында жыраулар шығармаларының алатын орны ерекше. Олар ауыз әдебиетінің жарқын көрінісі болып қана қоймай, халықтың тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен, өмірінен, тарихи фактілерінен сыр шертеді. Уақыт өте келе ондағы көптеген сөздер қолданыстан шығып, көнерген сөздер қатарына ене бастайды. Олардың мағынасы көмескіленіп, түсініксіз сөздерге, яғни өлі сөздерге айнала бастайды. Оларды зерттеу, мағыналарын түсіну арқылы мәтінді оқуға ғана емес, қазіргі уақытқа қажетті сөздерді анықтауымыз да мүмкіндік берері сөзсіз. Демек халықтың төл, яғни байырғы тілінде бар көне сөздерді қолдану арқылы қазіргі кездегі кейбір ұғымдарға жаңа атау беруге болады. Осы арқылы тіл тазалығын сақтауға, шет тілінен енетін сөздерге шектеу жасауға мүмкіндік туындайды. Қазақ тіл білімінде көнерген сөздер біршама зерттелген және олар лексикалық мағыналарына қарай тарихи және архайизмдер деп бөлінеді. Қазақ халық ауыз әдебиетінде жыраулық дәстүрді ұстанған өнер иелері көп болған және олардың шығармалары да бай. Сол себепті мақалада жыраулар шығармаларындағы көнерген

сөздерге лексикалық-семантикалық талдау жасалады және Сыр өңірінің жыраулары Нұртуған мен Ерімбет жырлары ғана негізге алынады.

Кілтті сөздер: көнерген сөздер, жырау, Нұртуған, Ерімбет, ауыз әдебиеті, тарихи аталымдар, лексика, историзм.

Кіріспе

Кез келген халықтың мәдениеті мен әдебиетінің қалыптасуына фольклордың тигізер ықпалы зор. Фольклорды тілдік тұрғыдан талдау арқылы оның функционалдық мақсатын және ондағы сөздердің қолданылу мағынасын түсінуге болады. Осы орайда қазақ халқы фольклорындағы жыраулардың шығармаларының тіліне талдау жасау, әсіресе көнерген сөздерін зерттеу маңызды.

Материалдар мен әдістері

Қазақ ғалымдары тарапынан жыраулар поэзиясы, ондағы көтерілген тақырыптар әдеби тұрғыдан біршама зерттелген. Жыраулар шығармалары тілінің қазақ тіл ғылымында зерттеле бастауы А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов еңбектерінен бастау алады және жыраулар поэзиясының қазақ әдеби тіл нормаларының қалыптасуына негіз болғаны қазақ лингвистикасында дәлелденген. Дегенмен де жыраулар поэзиясындағы көнерген сөздер әлі де зерттеуді қажет етеді.

Жыраулар шығармаларын тілдік тұрғыдан жан-жақты зерттеу үшін осы көнерген сөздердің, архаикалық терминдердің қолданыс барысындағы мағынасын анықтап, түсініп алудың маңызы зор.

Уақыт өте келе қолданыстағы заттар мен ұғымдардың қолданыстан шығып қалуына байланысты олардың мағынасын білдіретін сөздер де ұмытыла бастайды немесе синонимдерімен алмаса бастауы мүмкін. Сондықтан Филин: «Көнерген сөздер дегенде, ертеде әдеби тілде болып (немесе оның көп көрінісінің біріне жатқан), қазіргі уақытта пайдаланудан қалып, көпшілік жағдайда (бірақ үнемі емес) синонимдермен алмасқан сөздерді ұғу керек», – деп көрсетеді [1, 36–37-бб.]. Ал Галкина-Федорук сөздер жазудың дамымауы салдарынан жоғалып отырды деген пікірді ұстанады [2, 126-б.]. Демек қазақ тіліндегі көнерген сөздердің негізін ауыз әдебиет үлгілерінен іздестіру керек, себебі олар ауыз екі әдебиетіміздегі жасырынған қазына.

Қазақ тіліндегі көнерген аталымдарды зерттеу мәселесі түркі тіліне тән тарихи деректермен келіп ұштасады. Мәселен, Ғ. Айдаров VIII ғасырға жататын Тоньюкук ескерткіштерінде қазіргі қазақ тілінің көнерген сөздер қатарында жүрген *түмен* (десять тысяч) *он мың*, *тәңірі* (небо или бог)

аспан не құдай деген мағынаны білдіретін сөздердің кездесетіндігін көрсетеді [3, 235-6.].

Бұл сөздер қазір таңда қазақ тіліндегі қолданыстан шығып қалғанымен қазақ ауыз әдебиетінде және жыраулар шығармаларында жиі ұшырасады. Қазақ тіл білімінде Ғ. Мұсабаев көнерген аталымдарды архаизмдер және историзмдер деп бөліп алады да, «архаизмдер күнделікті тұрмыста, дін ұғымында, ескі әдет-ғұрыптарда қолданылады» дей отырып [4, 185–191-66.], историзмдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай материалдық мәдениетке байланысты, әкімшілік басқаруға байланысты, қазақ қоғамының қоғамдық өміріне байланысты, кеңес үкіметі орнағанан кейін туған сөздер деп жіктейді.

Аталған ғалымдардың жіктемелерін негізге ала отырып және Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы көнерген сөздерді саралай келіп, оларды мынадай лексика-семантикалық топтарға жіктеуге болады:

- 1) Діни ұғымдарға қатысты көнерген сөздер;
- 2) Әлеуметтік, әкімшілік атауларға қатысты көнерген сөздер;
- 3) Әскери атақтар мен сауыт-сайман атауларына қатысты көнерген сөздер;
- 4) Киім-кешек, мата-кездеме, үй мүліктеріне қатысты көнерген сөздер.

Мақала жазылу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдық, нарративтік, аналитикалық, типологиялық т.б. ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ жырауларының шығармаларынан жоғарыда аталған төрт бағыттағы лексика-семантикалық топтарды толық қанды кездестіруге болады. Себебі бұл екі жыраудың өлеңдері сол кезеңдегі жыраулар кең қолданған толғауларға, жыр-дастанға, айтыс-өлеңге құрылған.

1) Діни ұғымға қатысты көнерген сөздер. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы көнерген болып табылатын мол қабатты діни ұғымға қатысты сөздер құрайды. Олардың бір тобын бұрынғысынша дерексіз ұғымдарды білдіретін, халықтың тіліне сіңген сөздер құраса, келесі тобын ислам дініне қатысты ұғымдар (*жәһәннам, құтба, зікір, зекет, махшар, топан, аят, рабат, бесін, підия, мүһмін, тәубе, хазірет, аждаһа, зұлтыхар, тамұқ, иман, уәжіп, парыз, сүннет т.б.*) мен дін иелерінің (*зұлжалал, абыз, бақсы, пір, хақ, Ібіліс, пірадар, сопы, сахаба, мүрит, шахарияр т.б.*) аттары құрайды. Сондай-ақ, бұл қатарда мәдени-рухани дүниелерге қатысы бар атаулардан тұрады. Араб-парсы сөздерінің аз-көп қолданылуы автордың сауаттылығына байланысты болады.

Осылардың бірі «жаббар» сөзі. Сөздіктерге сүйенсек, қазір көне аталым қатарындағы **жаббар** сөзінің – 1) *алып, құдіретті, ие, қожас*; 2) *діни. құдайдың*

бір аты; 3) *балуан, батыр*; 4) *мейірімсіздік, қаһарлы, қатал* деген төрт түрлі мағынасы берілген [5, 91-б.]. Ол араб тілінде **жаббарун** (могучественный, могучий; гигантская сила; жестокий, немилосердный; великан, гигант, богатырь) *құдіретті, аса күшті рақымсыз, мейірімсіз, алып, үлкен батыр* [6, 21-б.] дегенді білдіреді. Мысалы, Нұртуғанның «Әуелі сөйле, тілім, жаббар хақтан!» деген толғауында мынадай жолдар бар:

Әуелі сөйле тілім жаббар хақтан,

Сөз шығар қиял мен ой, тіл мен жақтан [7, 16-б.]

Мұндағы діни ұғымды білдіретін «жаббар» сөзі Ерімбеттің «Әбу Шашма» дастанында да кездеседі:

Сол уақта Жаббар хақтан хабар келген,

«Халықтың арасында өлтір!» деген.

Құдайдан анық пәрман болғаннан соң,

«Дүреге, – сонда Омар, – келтір!» деген [7, 63-б.].

Екі ақын да «жаббар» сөзін бірінші мағынасында, яғни «құдіретті» деген ұғымда қолданған. Бірақ Ерімбет ақын бір шумақ өлеңде «жаббар» және «құдай» деген бір мағыналық сөздерді пайдаланған. Ақынның бұлайша қолданысы бір сөзді қайталамау үшін өлеңнің келесі жолында синонимдік қатардағы «құдай» сөзін келтірген болу керек.

Нұртуған мен Ерімбет ақын шығармаларында құдайдың теңеуі ретінде бірнеше сөздер берілген. Солардың бірі араб тілінен енген «зүлзалал» сөзі. Н. Оңдасыновтың сөздігінде, **зүлзалал**: 1) *ұлылық иесі (діни. құдайдың көп аттарының бірі, Алланың теңеуі), құдірет, дүниенің тірегі, жасаған; 2) патшам (патшаға айтатын мәртебелік сөз)* [5, 162–424-б.] деп көрсетілген. Бұл екі түбірден құралған араб сөзі: **заулун** (привидение, дух) көзге елестеу, әулие, аруақ; **жалалун** (быть великим, величественным, славным, могущественным) *ұлы, даңқты, құдіретті болу* [6, 92-б.] дегенді білдіреді.

Нұртуғанның өлеңінде мынадай жолдары кездеседі:

Сүйендім жалғыз Алла, өзіңе адал,

Шипа бер кеселіме, сен, зүлзалал.

Басқаға бір өзіңнен сиынбаймын,

Дертімнің «құлым» десең дауасын сал?! [7, 276-б.]

«Зүлзалал» сөзі Ерімбет шығармашылығында жиі қолданылатын сөздердің қатарында:

Сабыр бер сондай зүлзалал,

Мына ғаріп маған да [7, 67-б.]

Бұл үзіндідегі «зүлзалал» жасаған, құдірет деген өзек мағынасында қолданылып тұр.

Қазіргі тіліміздегі көпір сөзін бұрын кеуір деп атаған. **Кеуір** – діни ұғым. діннен шыққан, құдайға сенбейтін адам, кәпір. Араб тілінде **кафирун** /

покрывать, скрывать; не верить в бога/ *жасыру, сенбеу; кәпір болу, құдайға сенбеу* [6, 887-б.] деген сөз. Осы сөз Кенжеғұлұлының «Қарасай-Қази» дастанында кездеседі:

Мына жүрген кеуірлер

Құранды, дінді қорлады [7, 173-б.]

Жанқожа жаулық қылды ғайыр дінге,

Кеуірдей халық дұшпанын зар жылатқан [7, 131-б.]

Үзінділерде келтірілген «**кеуір**» қазір диалект сөз ретінде «кәпір» болып айтылып, *жаны қаламау, жек көру* мағынасында, адамға не затқа қатысты айтылады.

Ерімбет пен Нұртуған шығармаларында діни ұғымда қолданылған «**махшар**» сөзі кездеседі. **Мақшар** – заманның ақыры болып, өлген адам баласының қайта тірілгеннен кейін күнәсі тексерілетін орын деген наным. Ал, Мұхаммед пайғамбардың айтуы бойынша: жер жаратылғаннан бергі барлық өлген адамдардың қайта тірілгеннен кейінгі жиналатын орны. «Мұнда ата-баба, үрім-бұтақ бірін-бірі таниды», – дейді.

Нұртуғанның «Қарасай-Қази» дастанында Қарасай мен қалмақ қызы Күнқияш біраз айтысады. Содан соң Күнқияштың ақырғы жауабы:

Бұл жерде Нұртуған «**махшар**» сөзін *о дүние* деген ауыс мағынада қолданып отыр. Ал, Ерімбетте:

Үммет қылдым!

Мақишарда Боларсың, – деді, – дін аман!» деген жолдарда «**махшар**» *о дүниеде пенделердің жарық дүниедегі жасаған амалдарын тексеретін орын* деген мәнде қолданылған.

Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында кездесетін «**аят**» сөзінің Оңдасынов сөздігінде: Аят – 1) белгі; 2) *ғажап, тамаша, керемет*; 3) діни. *Құран тарауларының аты, Құран аяты – өлеңі, Құран сүрелерінің жеке-жеке сөйлемдері* деген үш түрлі мағынасы көрсетілген [5, 70-б.]. «**Аят**» араб тілінде *аятун* /знак, чудо; стих корона/ белгі; керемет; құранға жазылған өлеңдер дегенді білдіреді [6, 60-б.]. Бұл сөз дәл осы мағынада Нұртуған мен Ерімбет шығармаларында жиі ұшырасады:

Өзелден асылы хақтың орны мағұлым,

Орнына әзәзілдің барып еді.

Аяттан оқып көрер сенбегендер,

Кәламда хақ Расуліге жазып еді [7, 158-б.].

Ғайсадан бес жүз алтыс тоғыз жыл соң,

Ақ нәби ұзап кетіп сонда туған.

Дүниенің аяты бар көрсең оқып,

Бұл жалған саруар үшін жаратылған [7, 117-б.].

Екі ақында да «аят» діни ұғымда құран мағынасын білдіреді. Яғни «**аят**» сөзінің түп мағынасы құраннан алынған сөйлемдер, құран тараулары себеп болған.

Сол сияқты Нұртуған шығармасында келесі діни ұғымдағы «**сопы**» сөзі кездеседі. Оңдасынов сөздігінде: 1) діни. тым құдайшыл, дүниеден безген; 2) суфий (софизм), мистик (мистицизм), сопы – ислам дініндегі сопылық ағымды (осы басшы болғандардың бірі – 1166 жылы Түркістанда дүние салған Хожжа Ахмед Яссауи) жақтаушы, зікір салып құдайға сиынушы; 3) дін жолына түсіп, ишанға қол тапсырған таза күнәсіз адам деп беріледі [5, 98-б.].

Нұртуғанның «Орақ-Мамай» дастанында:

Бәрекелді, Орағым, Аламын деп қаланы,

Сен жалғыздықтан шошынбан.

Уәдеден жаңылып, Шашты әзінің сопысы,

Зайыбын қолдан ұшырған [7, 173-б.] – деп жырлайды.

Үзіндідегі «**сопы**» сөзі тым құдайшыл деген мағынаның көнерген аталымы.

Ерімбет пен Нұртуған тілінде жазылған діни ұғымдағы шығармаларында «**сахаба**» сөзі жиі ұшырасады. Бұл сөз араб тілінде **сахабатун** /сподвижники Мухаммеда/ *Мұхаммед пайғамбардың серіктері, даңқты өрендері* дегенді білдіреді [6, 541-б.].

Нұртуған «Мәулімнияз-Едіге» дастанында:

Атанған «сахаба» деп ишанға ұқсап,

Жұмсаған дін басшысы былай нұсқап [7, 113-б.] – деп жырласа,

Ерімбет «Сәдуақас Сақи» дастанында сахабалардың іс-әрекеті туралы былайша сипаттайды:

Әртүрлі қайыр істің бәрін қоймай,

*Сұрайды қалдырмастан **сахабалар*** [7, 78-б.].

Келтірілген мысалдардағы «**сахаба**» сөзі екі ақында да *пайғамбарды көзімен көрген, ізіне ерген серіктері* деген түп мағынасында қолданылған.

Ерімбет пен Нұртуған шығармаларында мифологиялық ұғымды білдіретін «**аждаһа**», «**зұлпыхар**» деген діни сөздер кездеседі. Ал А. Махмудов *аждаһаның 1) халық қиялындағы аузынан от шашатын қанатты жылан бейнесіндегі мифологиялық ұғым; 2) ауыс. озбырлық, жалмауыздық, жыртықшылықтың бейнесі* деген екі түрлі мағынасын түсіндіреді [8, 11-б.].

Мысалы, Көлдейбекұлының «Әй, көңілім, толықсыма, халің нешік?!» деген өлеңінде өлімді аждаһаға теңеген тұсы бар:

Дұғадан қауымымен суға батқан,

*Секілді осы өлім бір **аждаһа**,*

Жан қалмас хияметтен мақұлық аттан [7, 221-б.].

Ал мына өлең жолдарында **«зұлпыхар»** сөзі тура мағынасында қолданылған: *Баһадүр, батыр болсаң, Ғали қайда, Суарған судай қанға зұлпыхарын?! [7, 233-б.].* Ақынның тағы бір толғауында Әйтеке биді зұлпыхарға теңегенін мына өлең жолдарынан байқауға болады.

Әйтеке – Кіші жүздің қорғаны еді,

Шет жерге Шері жұмсаған зұлпыхардай! [7, 255-б.].

Осындағы **«зұлпыхар»** сөзін Н. Оңдасынов: 1) *Мұхаммед пайғамбардың өте үлкен, өткір қылышы дейтін мифологиялық наным*; 2) *ауыс. батырлар асынатын қарапайым өткір қылыш* деген екі мағынасын көрсетеді [5, 178-б.].

Сонымен қатар ақындар шығармаларында қазіргі тілдегі «тозақ» сөзінің көнерген аталымы **«тамұқ»** сөзін қолданады. Ерімбетте:

Дүниеге келген пенде бәрі өледі,

*Ысыраттан құстай ұшар, **тамұқ** бармас! [7, 164-б.].*

Нұртуғанда:

Тақсыр-ай, астың палас, үстің жанат,

Сіздерден айып табады қандай нәлет?! [7, 178-б.].

Сіздерден айып тапқан оңбас, сірә,

*Мақшиарда отқа күйіп, **тамұқта** өлед! [7, 178-б.].*

С. Кенжеахметұлының «Жеті қазына» еңбегінде: **тамұқ** (тозақ) – *о дүниеде күнәлілерді азапқа салатын орын [8, 56-б.]* деген мағынаны білдіреді дейді. Келтірілген деректерді негізге ала отырып, «тамұқ» *о дүниедегі күнәлілердің баратын орны, тозақ* деген мағынаның көне аталымы.

2) Әскери атаулар мен сауыт-сайман аттарына қатысты көнерген сөздер. Шығармада қару-жарақ атаулары, сонымен байланысты фразеологиялық тіркестер жиі ұшырайды. Соның өзінде көне қару-жарақ аттарымен қатар, олардың XVIII–XIX ғасырда қолданылған түрлері де кездеседі. Бұл жағдай шығарманың қазіргі кезеңге ауызша жырлану арқылы жетуімен байланысты болса керек.

Солардың бірі қазіргі тіл қолданысында бар **«сарбаз»** сөзі. Түсіндірмелі сөздікте: **сарбаз** – *жасақты қол, әскер, жауынгерлер, солдаттар*. Парсы тілінде **сар-баз** /солдат, рядовой/ *қатардағы жауынгер, қарапайым солдат* дегенді білдіреді [10, 278-б.]. Мысалы, Нұртуғанның *«Ақ Кете Шернияз»* дастанында былайша жырланады:

*Шаршаған шығар **сарбаздар***

Демалсын қазір жайланып.

***Сарбазды** босқа қырмалық.*

«Мың асқанға бір тосқан»

Біздер, сірә, болмалық!» [7, 308-б.].

Мұндағы «**сарбаз**» ақындар өмір сүрген тұста жасақты қол мағынасында болса, қазіргі тілімізге қайта оралып, жаңғырып қолданылған бұл аталымның туынды мағынасы қатардағы жауынгер мәнінде айтылады.

Сонымен қатар Нұртуған шығармаларында қазіргі әскер мағынасындағы «**жасақ**», «**жасауыл**» сөздері кездеседі. Мысалы,

*Мақұл көрді бәрі де,
Жасақ санын көбейтіп,
Межелі күні жиганды [7, 129-б.].*

Бұл жерде «**жасақ**» қару жарақтанған бір топ жауынгерлер архисемасын білдіретін аталым.

Нұртуған шығармаларында жиі ұшырасатын келесі сөз «жасауыл». Жасауыл сөздікте – 1) *патша үкіметі кезіндегі қазақтың офицерлік шені*; 2) *ауыс. қарулы топ, шапқышы* деген мағынаны білдіреді [7, 221-б.]. Мысалы, Нұртуғанның «Қарасай-Қази» дастанында: Қалипа Мүсілімді «бері шық» деп ордадан шығарып алды. Ордадан шығарып алып: «*Бұған өкпелейтін орнымыз жоқ еді. Ашуы басылсын деп босқа өкпелеп отыр едім. Сен енді мына жасауылмен ноғайлыны жинап ал. Тақтың ықтияры менде болса, мен мына Қарасайға берем*» – деді. Бұл үзіндідегі «**жасауыл**» сөзі қазақ тілінде бейбітшілік кезде ханның жарлықтарын орындаушы, салық жинаушы, ал, соғыс кезінде әскери мәселелерімен айналысатын адам мағынасында қолданылды.

Барлық деректерді қорытындылай келе, «**жасауыл**» көнерген аталымының архисемасы *әскери атақ, әскери топ* деген ұғымды білдіреді.

Бұл тұста тек қару-жарақ емес, сауыт-сайман аттары да тұрақталып, нормалана түскен. Ақындар шығармаларының тілінде сауыт сөзімен қатар «**көбе**», «**қаттау**» деген көнерген аталымдар синонимдік қатар түзген. Мысалы,

*Едіге мұнда келсе егер,
Жыртпас па еді көбеңді... [7, 177-б.].
Қаттауына қаратпай,
Найзасы тиді жүректен [7, 177-б.].*

Түсіндірмелі сөздікте: **көбе** – *ерте кездегі батырлар киген сауыт* [11, 303-б.]. Ескі моңғол тілінде **көбе** – *батырдың сауыты* [12, 925-б.].

Көбе – *жүрек тұсын, білек, тізені, ықты садақтың оғынан, қылыштан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған сауыт*. Көбенің қанды көбе деген де түрі бар. **Қанды көбе** – *жай сауыт емес, әрдайым ұрыс майданында болатын батыр киетін көбе* [13, 96-б.].

Келтірілген деректерді қорытындылай келе, «**көбе**» аталымының негізгі мағынасы *батырдың жауға аттанғанда киетін, найза мен сүңгіден қорғайтын темірден тоқылған киімнің (сауыттың) бір түрі*.

*Найзаны салып түйретті,
Садақты тартып үйретті,
Осылай баулап өсірді
Ұрпақты іске шыдамды [7, 174-б.].
Садағын сала байлап, асынып алмас,
Жолыққан ешбір дұшпан тірі қалмас! [7, 190-б.].*

Бұл аталған көне қарулардың кимылдары да өз аттарымен берілген: **алмасты асынады, найзаны түйрейді, садақты тартады.**

Нұртуған шығармаларында көне қару атауы «саржа» молынан кездеседі. Ғалым Сыздық: **саржа** – *ерте кездегі қару-жарақтың бір түрі*. Бұл қару атауының көне түрі қазақша *сарыжа* күйінде сақталған, осы сөз келе-келе «жаңашаланып», *саржай*, одан барып *саржа* түріне де көшкені анық деп түсіндіреді [14, 101-б.]. Мысалы, Нұртуған «Мәулімнияз-Едіге» дастанында Едігенің батырлығын былайша суреттейді:

*Қылды Едіге жігерді
Шалқалап жатқан қалмақтың,
Қолтығының астынан
Саржамен тартып жіберді [7, 68-б.].*

Екі ақынның да шығармаларында жаугершілік, соғыс картинасын суреттеу мақсатында, әскери сөздер мен сауыт-сайман, қару-жараққа аттарына қатысты көнерген аталымдарды шебер әрі ұтқырлықпен қолданып отырған.

3) Әлеуметтік, әкімшілік атауларға қатысты көнерген аталымдар. Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы үшінші бір топ лексика әлеуметтік-әкімшілік жағдаймен байланысты болып келеді. *Хан, батыр, патша, бек, құл, күң, падиша, уәзір, төре, сұлтан, ханым, нөкер, әмірші, төлеңгіт, ерзада, ханзада* сөздері жырдың көне дәуір оқиғаларынан хабар беретін, көбінесе титулды (әлеуметтік дәреже-лауазымды) білдіретін элементтер болып келсе, *бай, жарлы, халық, мырза, болыс, ақылгөй, елші* сөздері жырдың кейінгі кезде жырлануымен байланысты қосылған «жаңартулар» екендігіне дәлел тәрізді. Мысалы,

*Шайыр сол – ойшыл келер жиһан кезген,
Батыр сол – қиындыққа шыдап, төзген [7, 97-б.].
Қалипа Мүсілімге тиіп, бұл күнде ханым болып отыр [7, 112-б.].
«Сен, осы халыққа өзің хан бол!» деген [7, 187-б.].*

Бұл жырдағы *батыр, хан, ханым, шайыр* сөздерінің толық әкімшілік термин ретінде қолданылғанын көреміз. Ерімбет пен Нұртуған шығармаларында ел билеу, әкімшілік құрылысына қатысты *болыс, ояз, шабарман, ұлық сияқты сөздер; сот саласына қатысты шарият, би,*

барымта, салауат, дау (жер дауы, жесір дауы), төрелік беру сияқты сөздер термин дәрежесіне көтеріліп, әдеби тіл нормасына айналды.

Ақындар шығармаларында тарихи аталымдар (историзм) қабаттағы **патша, би, хан, бек, шайыр, құл-құтан** сөздері кездеседі.

*Хүсейін патша болып мініп таққа,
Күн сайын аңырмастан жұтып жатыр,
Қалдырмай ешбіреуін, көзің көрді! [7, 201-б.].*

Ал, Нұртуғанның «Жырауларға өсиет» деген арнауында өзі тәрбиелеген жырау шәкірттері Бақытжан, Еңсепбай, Көпжасар, Жәмет және Дәріқұлға арнап былай дейді:

*Көтеріп сені айтқанға,
Қолпап сөзге мақтанба –
Артық сонда өнерің
Патша отырған тақтан да! [7, 196-б.].*

Ерімбет «патша» атауын өлең тіліне енгізе отырып, патшалықтың озбырлық қасиеттерін көрсетсе, Нұртуған өз шәкірттеріне жыр өнерін патша отырған тақтан да артық қойып салыстырмалы түрде жеткізеді.

Нұртуғанның «Қарасай-Қазы» дастанында:

*Жүргізген талай ел үшін
Заманында амалын.
Билерім отыр білімпаз*

Танытқан талай таланын [7, 187-б.] – осындағы би – дау-жанжалға билік айту үшін үстем таптың қолдауымен сайланған өкілі: Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ ауылындағы сот [11, 113-б.] деп түсіндіріледі.

Нұртуған шығармаларында ерекше қолданысқа ие «**хан**» сөзі кездеседі. **Хан** – *феодалдық құрылыстағы мемлекетті тежеусіз билейтін басшы*. Көне түркі тілінің жазу нұсқаларында қаған хан түрінде кездеседі [15, 97-б.]. Парсы тілінде де **хан**/титул повелителей у монголов/моңғол әміриелерінің титулы делінген [10, 186-б.]. Монғол тілінде *ханан хад*, тік күз, тік жартас [12, 261-б.]. **Хан** деген титул *биік шыңның, асқар таудың* атынан келіп туған болу керек.

1914 жылы жазған «Ақ Кете Шернияз» дастанында Нұртуған ақын былай жырлайды: *Сұрқия Кенесары қашаған хан, Серғазы сексен сегіз жасаған хан. Құдайым Байекеме бақыт беріп, Қазақты Сырдан бері асаған хан* [7, 61-б.]. Ақын әрбір хандықты иемденген адамдардың «хан» болып тұрғанда халыққа жасаған іс-әрекеттерін сипаттайды.

Нұртуған шығармаларында жиі ұшырасатын «**шайыр**» сөзі. Бұл сөз Оңдасыновтың сөздігінде: **шайыр** – *суырып-салма халық ақыны* деп көрсетілген [5, 122-б.]. Араб тілінде *шаһирун* /известный, знаменитый/

белгілі, әйгілі дегенді білдіреді [6, 527-б.]. Қарақалпақ тілінде **шайыр** /поэт, народный поэт/ *ақын, халық ақыны* [16, 729-б.].

Нұртуғанда төренің күтушісі мағынасын беретін «**төлеңгіт**» сөзі ұшырасады. Мысалы, *...Бұл кезде хан қасындағы төре, төлеңгіттер жиналып қалып еді* [7, 198-б.].

Төлеңгіттер қазақ сұлтандары мен ханның қасындағы феодалдарға тәуелді адамдардың әлеуметтік қауымы. Бұлар хан ортасында олардың тапсырмаларын орыдаушы шабармандар, малайлар [13, 127-б.]. Ал Нұрмағанбетов «**төленгіт**» сөзіне талдау жасай келіп, оны «төрені күт тіркесінің өзгерген түрі» деген пікір айтады [17, 73-б.].

Ақындар шығармаларында өздері өмір сүрген дәуірдегі әкімшілік, ел басқару орындарындағы адамдарға қатысты атауларды шебер де орынды қолданылғаны көрінеді.

4) Киім-кешек, мата-кездеме, үй мүліктеріне қатысты көнерген аталымдар. Ерімбет пен Нұртуған тіліндегі көнерген аталымдардың ерекше тобын *киім-кешек, мата-кездеме, үй мүліктеріне* қатысты аталымдар құрайды.

Тонсыздарға тон беріп,

Қандырған шөлін сусыннан [7, 127-б.].

Кебенек киген кей пенде

Сөйлемей білмес сырыңды [7, 213-б.].

Тәжіңді бер тағыңмен

Сезінсең өлер шағыңды! [7, 184-б.].

Түрмеден басқа кимеген,

Күймеден басқа мінбеген [7, 98-б.].

Табаны құрығыр ауырған.

Ал мата-кездеме атауларынан: *торқа, мақпал, мәулім, бөз, құлты, жанат, барқыт, парша* т.б. Мысалы, Торқадан киген тоғыз қат [7, 176-б.]. **Мақпал** менен **мәулімнен**, *Шаруаға бөз артық* [7, 189-б.]. *Он қыздың олжабасы – ханның қызы, Кигені бәрінің де ылғи құлты* [7, 216-б.]. *Қараүлектей қартыңның Үстіне жапты жанатты* [7, 289-б.]. *Мен Мәскеуден пұлы қымбат алдым барқыт* [7, 257-б.]. *Жүз нарға парша, мәулім артты бәрін* [7, 145-б.].

Кенжеғұлұлы мен Көлдейбекұлы шығармаларындағы көнерген аталымдар **біріншіден** ақын суреттеп отырған дәуірдің тұрмыс-тіршілігін дәл, нақты көрсеткен, **екіншіден** ақындар шығармалары тілінің лексика-семантикалық қабаттырын байытып отыр.

Қорытынды

Мақалада XIX ғасырдың II жартысында қазіргі Қазақстанның Қызылорда облысының Сыр өңірінде өмір сүрген Нұртуған мен Ерімбет шығармалары ғана талданды. Алдағы уақытта өзге өңірдің жыраулар шығармаларында кездесетін көнерген сөздерге де талдау жасалуы тиіс. Оларды тірілтіп, жаңартып, тіл

қажетіне жаратуға әбден болады. Сонымен қатар тілде жоғалған, ұмытылған сөздерді зерттеу сөздік қорға, демек тіл бен мәдени тарихқа қатысты кейбір фактілерді анықтауға мүмкіндік береді. Демек жыраулар шығармаларындағы көнереген сөздерді толыққанды зерттеу олардың мағынасын түсіну мақсатта ғана емес, тарихи фактілерді ұмытпау, тілді сақтау, жетілдіру, байыту, ұмытыла бастаған ұғымдарды қайта қолданысқа енгізу, туыстар халықтар тілін анықтау, сондай-ақ төл тілге ене бастаған шетел сөздеріне тосқауыл қоя білу бағытында жүзеге асырылуы керек.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Филин, Ф.** Историческая лексикология русского языка. – [Электронный ресурс]. – URL: https://macedonia.kroraina.com/ff/ff_2.htm.

2 **Галкина-Федорук, Е.** Современный русский язык. – М. : МГУ, 1954. – 204 с.

3 **Айдаров, Г.** Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата, 1971. – С. 299.

4 **Мұсабаев, Ғ.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін] : научное издание / Ғ. Мұсабаев. – Алматы : Абзал-Ай, 2014. – 640-б. – ISBN 978-601-7172-39-8.

5 Арабша-қазақша түсіндірме сөздік : (қазақ тіліндегі араб сөздері) / Н. Д. Оңдасынов; жалпы ред. басқ. Ә. Т. Қайдаров. – Алматы : Мектеп, 1984.

6 Большой арабско-русский словарь. – Т. 1, Баранов Х. К., 2006. [Электронный ресурс]. – URL: <https://obuchalka.org/20180719102114/bolshoi-arabsko-russkii-slovar-tom-1-baranov-x-k-2006.html>

7 **Оспанов, Ә.** Нұртуған Кенжеғұлұлы : Кәнеки, тілім, сөйлеші... (бірінші кітап). – Алматы : Ғылым, 1992. – 320б.

8 **Махмұтов, А.** Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің басқа лексикалық топтармен қарым – қатынасы // Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері. 5 – шығуы. – Алматы, 1963. – 245б.

9 **Кенжеахметұлы, С.** Жеті қазына. 3 кітап. – Алматы : Ана тілі, 2007. – 136-б. – ISBN 9965-670-93-5.

10 **Миллер, Б. В.** Персидско-русский словарь. / Б. В. Миллер. – Изд. 3-е. – Москва : ГИС, 1960. – 668 с.

11 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1 Т. А-К / жалпы ред. басқ. І. К. Кеңесбаев. – Алматы : Ғылым, 1959. – 337б.

12 Большой академический монгольско-русский словарь. Монгол орос дэлгэрэнгүй их толь : В 4-х т. : ок. 70 000 слов / Ин-т яз. и лит. Акад. наук Монголии, Ин-т языкознания РАН; [Ё. Баярсайхан и др.]; Под общ. ред. А. Лувсандэндэва и Ц. Цэдэндамба; отв. ред. Г. Ц. Пюрбеев. – Москва, 1957 ж. А – Г. – 2001. – 485, [1] с.

13 Қазақ Совет энциклопедиясы / бас ред. М. Қ. Қаратаев. – Алматы, 1977. – 643-б.

14 **Сыздықова, Р.** Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан) / Р. Сыздықова. – Алматы : Арыс, 2004. – 232-б. – ISBN 9965172005.

15 **Махмуд Кошғарий.** Девону Луғотит Турк. Том 1. – Тошкент, 1960. – 499 с.

16 **Баскаков, Н. А.** Каракалпакско-русский словарь : с приложением грамматического очерка каракалпакского языка. – М. : Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1958. – 892 с.

17 **Нұрмағамбетов, Ә.** Қос сөздердің құпиясы / Ә. Нұрмағамбетов. – Алматы : Жалын, 1991. – 96 с. – ISBN 5-610-00862-X.

References

1 **Filin, F.** Īstoricheskaia leksikologĭa ruskogo ĭazyka [Historical lexicology of the Russian language]. – [Electronic resource]. – URL: https://macedonia.kroraina.com/ff/ff_2.htm.

2 **Galkina-Fedoruk, E.** Sovremennyyi russki ĭazyk [Modern Russian language.]. – Moscow : MGU, 1954. – 204 p.

3 **Aidarov, G.** Īzyk orhonskih pamätnikov drevnetürkskoi pismennosti VIII veka [The language of the Orkhon monuments of ancient Turkic writing of the 8th century]. – Alma-Ata, 1971. – P. 299.

4 **Musabaev, Ğ.** Qazaq til biliminiń máseleleri [Problems of Kazakh linguistics] [Text]: scientific discovery / G. Musabayev. – Almaty : «Abzal-Aı» baspasy, 2014. – 640 p. – ISBN 978-601-7172-39-8.

5 Arabşa-qazaqşa tüsındırme sözdık : (qazaq tılındeĝı arab sözderı) / N. D. Oñdasynov; jalpy red. basq. Ä. T. Qaidarov [Arabic-Kazakh Explanatory Dictionary: (Arabic words in the Kazakh language) / N. D. Ondasynov; General Ed. other. A. T. Kaidarov]. – Almaty : Mektep, 1984.

6 Bölşoi arabsko-russki slovär [The Great Arabic-Russian Dictionary]. – Vol. 1, Baranov X. K., 2006. [Electronic resource]. – URL: <https://obuchalka.org/20180719102114/bolshoi-arabsko-russkii-slovar-tom-1-baranov-x-k-2006.html>.

7 **Osmanov, Ä.** Nürtuĝan Kenjeĝülüly : Käneki, tılım, söileşı... (bırınşı kıtap) [Nurtugan Kenzhegulovich : «I don't know», he said... (first book)]. – Almaty: Ğylym, 1992. – 320 p.

8 **Mahmütov, A.** Qazaq tılındeĝı könergen sözderdıń basqa leksikalıyq toptarmen qarym – qatynasy // Qazaq tılı men dialektologiasynyń máseleleri. 5 – şyĝuy [The relationship of obsolete words in the Kazakh language with other lexical groups // problems of the Kazakh language and dialectology. 5-exit.]. – Almaty, 1963. – 245 p.

9 **Kenjeahmetuly, S.** Jeti qazyna. 3 kitap [Seven treasures. Book 3.]. – Almaty : Ana tili, 2007. – 136 p. – ISBN 9965-670-93-5.

10 **Miller, B. V.** Persidsko-russki slovär [Persian-Russian dictionary]. / B. V. Miller. – 3rd ed. – Moscow : GİS, 1960. – 668 p.

11 Qazaq tılınıń tüsındirme sözdiğı [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Vol. 1. – A-K / General Ed. other. I. K. Kenesbayev. – Almaty : Science, 1959. – 337 p.

12 Bolshoi akademicheskiı mongolsko-rýsskiı slovar [Academic dictionary of the Mongolian-Russian dictionary] : V 4-h t. : ok. 70 000 slov / In-t iaz. i lit. Akad. naýk Mongoliı, In-t iazykoznanıa RAN; [Ė. Baiarsaihan i dr.]; Pod obsh. red. A. Lývsandendeva i S. Sedendamba; otv. red. G. S. Púrbeev. – M., 1957 j. A-G. – 2001. – 485, [1] p.

13 Qazaq Sovet ensiklopediasy / bas red. M. Q. Qarataev [Kazakh Soviet encyclopedia / Ed. M. K. Karataev.]. – Almaty, 1977. – 643 p.

14 **Syzydyqova, R.** Sözder söyleidi (sözderdiń qoldanyly tarihynan) [Words speak (from the history of the use of words)] / R. Syzydykova. – Almaty : Arys, 2004. – 232 p. – ISBN 9965172005.

15 **Maxmýd Koshgari.** Devoný Lýgotit Týrk. Tom 1. [Mahmud Koshgari. Devonu Dictionary Turkish. Complete 1.]. – Toshkent, 1960. – 499 p.

16 **Baskakov, N. A.** Karakalpaksko-russki slovär : s prilozheniem grammaticheskogo ocherka karakalpakskogo iazyka [Karakalpak-Russian dictionary : with an appendix of a grammatical sketch of the Karakalpak language]. – Moscow : Gos. izd-vo inostr. i nas. slovarei, 1958. – 892 p.

17 **Nurmagambetov, Ä.** Qos sözderdiń qūpiasy [The Secret of double words]. / A. Nurmagambetov. – Almaty : Jalyń, 1991. – 96 p. – ISBN 5-610-00862-X.

05.02.25 ж. баспаға түсті.

22.03.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Ж. Утемисова¹, *А. О. Карипжанова², Е. Оспанов³*

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 05.02.25.

Поступило с исправлениями 22.03.25.

Принято в печать 26.05.25.

УСТАРЕВШИЕ СЛОВА В ПОЭЗИИ ЖЫРАУ: ПО ПРОИЗВЕДЕНИЯМ НУРТУГАНА И ЕРИМБЕТА

Особое место в казахском фольклоре занимают произведения жырау. Они не только являются ярким отражением устной литературы, но и отражают быт, культуру, традиции, исторические факты народа. Со временем многие слова выходят из употребления и начинают входить в число устаревших слов. Их значение затемняется и начинает превращаться в непонятные слова, то есть мертвые слова. Изучая их, понимая их значения, мы можем не только читать текст, но и определять слова, необходимые для настоящего времени. Следовательно, используя древние слова, существующие в языке коренных народов, т.е. исконных народов, можно дать новое название некоторым концепциям, которые существуют сегодня. Благодаря этому появляется возможность поддерживать чистоту языка, ограничивать слова, поступающие из иностранного языка. В казахском языкознании наиболее изучены слова, которые в зависимости от лексического значения подразделяются на историзмы и архаизмы. В казахской народно-устной литературе было много деятелей искусства, которые следовали традициям жырау, и их произведения также богаты. Поэтому в статье делается лексико-семантический анализ слов, содержащихся в произведениях жырау, и за основу берутся только жырау Сыра Нуртугана и Еримбета.

Ключевые слова: устаревшие слова, жырау, Нуртуган, Еримбет, устная литература, исторические номинативы, лексика, историзм.

G. J. Utemisova¹, *A. O. Karipzhanova², E. Ospanov³

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Kazakh National Pedagogical
University named after Abai,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 05.02.25.

Received in revised form 22.03.25.

Accepted for publication 26.05.25.

OUTDATED WORDS IN THE POETRY OF ZHYRAU: BASED ON THE WORKS OF NURTUGAN AND YERIMBET

A special place in Kazakh folklore is occupied by the works of the Zhyraus. They are not only a vivid reflection of oral literature, but also reflect the way of life, culture, traditions, historical facts of the people. Over time, many of the words in it fall out of use and begin to become obsolete. Their meaning becomes obscured and begins to turn into incomprehensible words, that is, dead words. By studying them and understanding their meanings, we can not only read the text, but also identify the words necessary for the present tense. Therefore, using ancient words existing in the indigenous language, i.e. indigenous peoples, it is possible to give a new name to some of the concepts that exist today. This makes it possible to maintain the purity of the language and limit the words coming from a foreign language. In Kazakh linguistics, the most studied words are divided into historicisms and archaisms, depending on their lexical meaning. There were many artists in Kazakh folk oral literature who followed the Zhyrau traditions, and their works are also rich. Therefore, the article makes a lexical and semantic analysis of the words contained in the works of the Zhyraus, and only the zhyraus of Nurtugan Cheese and Yerimbet are taken as a basis.

Keywords: obsolete words, zhyrau, Nurtugan, Yerimbet, oral literature, historical nominatives, vocabulary, historicism.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz